

2013 жылға арналған Успен ауданы азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 қаңтардағы N 65/12 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 14 ақпанда N 3420 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2014 жылғы 29 шілдедегі N 1-28/1-14/136 хатымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 29.07.2014 N 1-28/1-14/136 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мақсатында, Успен аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Успен ауданының аумағында тұрақты тұратын оралмандарға, Қазақстан Республикасы азаматтарының келесі санаттарына әлеуметтік көмек ұсынылады (ә р і қ а р а й - а з а м а т т а р ғ а) :

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары және мүгедектері;
- 2) қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;
- 3) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңес Социалистік

Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар;

4) қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған
а з а м а т т а р ;

5) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары;

6) бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

7) 1986 - 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан адамдар;

8) бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған
ә с к е р и қ ы з м е т ш і л е р ;

9) әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы

салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар;

10) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары;

11) Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер;

12) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы;

13) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, " Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері);

14) Қайсар еңбегі мен Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылда мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендарымен және медальдарымен марапатталған тұлғалар, 1941 жылдың 22 маусымынан бастап 1945 жылдың 9 мамырына дейін 6 айдан кем емес жұмыс істеген (қызмет еткен) және қайсар еңбегі мен Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылда мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңес Социалистік Республикалар Одағының ордендарымен және медальдарымен марапатталмаған тұлғалар;

15) 1988 - 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апатының салдарын жоюға қатысқан, Қазақстан Республикасына оқшауланған жерлерден эвакуацияланған (өз еркімен кеткендер) оның ішінде эвакуацияланған күні анасының құрсағындағы балалар;

16) зейнет жасына жеткен тұлғалар;

17) жалғызбасты мен жалғыз тұратын азаматтар;

18) 100 жастан бастап және одан асқан азаматтар;

19) жалғызбастылар мен жалғыз тұратын қарт мүгедектер;

20) 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар;

- 21) 1, 2 топтағы мүгедектер;
- 22) кәмелетке толмаған балалары бар мүгедек әйелдер;
- 23) кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары бар, аз қамтамасыз етілген, көп балалы аналар;
- 24) аз қамтамасыз етілген отбасының студенттері және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар;
- 25) Успен ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі " мемлекеттік мекемесінде есебінде тұрған жұмыссыздарды қайтыс болған кезде жерлейтін, тұлғалар (әрі қарай- өкілетті орган);
- 26) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар;
- 27) өмірдің күтпеген жағдайына тап болған, атап айтқанда (бір айдан аса ұзаққа созылған ауру, өрт және басқа);
- 28) онкологиялық ауруына шалдыққан тұлғалар;
- 29) туберкулез ауруына шалдыққан тұлғалар;
- 30) иммундық тапшылығы вирусына шалдыққан тұлғалар;
- 31) облыс бойынша белгіленген азық-түлік себетінің көлемінен аспайтын аз қамтамасыз етілген отбасылар;
- 32) ауданға жұмыс істеу үшін жаңадан келген дәрігерлер;
- 33) емделуге, тексерілуге жіберілген мүгедек балалар;
- 34) өкілетті органда есепте тұрған жұмыссыз азаматтар.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 10.04.2013 N 81/15 (жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді).

2. Өмірдің күтпеген жағдайына тап болғанда, болған жағдайдан шығу үшін қажет әлеуметтік көмектің мөлшерін қиындығына және шығынына қарай комиссия анықтайды. Мөлшерді анықтау барысында комиссия отбасының (азаматтың) материалды-тұрмыстық жағдайының актісін, отбасының (азаматтың) құрамын және табысын, жасалған шығыстары немесе қаражатқа қажеттілігін растайтын құжаттарды есепке алады.

3. Өкілетті орган көрсетілген мерекелік және есте қаларлық күндерге біржолғы әлеуметтік көмек келесі мөлшерде көрсетіледі:

Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне орай:

1-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін 75000 теңге мөлшерде, сонымен қоса, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген " Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталығы" Павлодар облыстық филиалының Республикалық мемлекеттік қазыналық мекемесінің Успен аудандық бөлімінен

мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алатындардың тізімі негізінде (әрі қарай - өкілетті мекеме) - азық-түлік жиынтығына 5000 теңге мөлшерде;

1-тармақтың 2), 3), 4), 5), 8), 9), 13), 14) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген, өкілетті мекеме тізімі негізінде - 3000 теңге мөлшерде;

8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай:

1-тармақтың 23) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар алушылар санынан екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті мекеме тізімі негізінде - 4000 теңге мөлшерде;

қ а р т а д а м д а р к ү н і н е о р а й ;

1-тармақтың 17) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген ауыл және ауыл округтері әкімдерінің тізімдері негізінде - 2000 теңге мөлшерде;

1-тармақтың 18) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті мекеме тізімі негізінде - 5000 теңге м ө л ш е р д е ;

м ү г е д е к т е р к ү н і н е о р а й :

1-тармақтың 19) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті мекеме тізімі негізінде - 4000 теңге м ө л ш е р д е ;

1-тармақтың 21) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті мекеме тізімі негізінде - 2000 теңге м ө л ш е р д е ;

Ауғанстаннан әскерлерді шығарған күніне орай:

1-тармақтың 6), 11), 12) тармақшаларында (тек қана Ауғанстанда ұрыс қимылдары жүргізуге қатысқандар) көрсетілген санаттар үшін екінші деңгейдегі

банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті мекеме тізімі негізінде - 6000 теңге мөлшерде .

Чернобыль атом электр станциясындағы апаты күніне орай:

1-тармақтың 7), 10), 15) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті мекеме тізімі негізінде - 6000 теңге мөлшерде .

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 10.04.2013 N 81/15 (жарияланғаннан күннен кейін он күнгізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді).

4. Табысы есепке алынбайтын біржолғы әлеуметтік көмек ұсынылады:

1) 1-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті мекемемен ұсынылатын тізімі негізінде жазылушылардың таңдауы бойынша мемлекеттік және орыс тіліндегі кезеңдік мерзімді басылымдарына жазылуға 5100 теңге сомасынан аспайтын әлеуметтік көмек, тұрғын үйді жөндеуге 100000 теңге мөлшерде біржолғы материалдық көмек, тісті протездеуге 21500 теңге мөлшерде біржолғы материалдық көмек ;

2) 1-тармақтың 16) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, жеке кәулігінің көшірмесі, жеке кәулігінде жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат, ардагерлер кеңесінің қолдау хаты, санаторлық-курорттық емдеуден өту қажеттілігі туралы медициналық қорытынды, зейнеткер кәулігі, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өтініш негізінде санаторлық-курорттық емдеу алуына 49000 теңге мөлшерде әлеуметтік көмек санаторлық-курорттық емдеуге жолдау үшін медициналық тексеруге 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде әлеуметтік көмек;

3) 1-тармақтың 22) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өтініш негізінде, жеке кәулігінің көшірмесі, жеке кәулігінде жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат, мүгедектігі туралы анықтама, баланың

туы туралы куәлігінің көшірмесі - 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде;

4) 1-тармақтың 25) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін жерлеуге, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өтініш негізінде, жеке кәулігінің көшірмесі, жеке кәулігінде жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат, қайтыс болғаны туралы анықтамасы - 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде;

5) 1-тармақтың 26) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өтініш негізінде, жеке кәулігінің көшірмесі, жеке кәулігінде жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат, босатылғаны туралы анықтаманың көшірмесі - 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде;

6) 1-тармақтың 28) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өтініш негізінде, жеке кәулігінің көшірмесі, жеке кәулігінде жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат, сырқатты растайтын анықтамалар - 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде;

7) 1-тармақтың 29) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген "Успен туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесі ұсынатын тізім негізінде – 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде;

8) 1-тармақтың 30) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген "Успен аудандық орталық аурухана" шаруашылық жүргізу құқындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын беретін тізім негізінде – 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде;

9) 1-тармақтың 27) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін (өрт), екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өтініш негізінде, жеке кәулігінің

көшірмесі, жеке кәулігінде жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат, тиісті органның (өртке қарсы бөлімнің) анықтамасы - 18 айлық есептік көрсеткіш дейінгі мөлшерде;

10) 1-тармақтың 32) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өтініш негізінде, жеке куәлігінің көшірмесі, жеке куәлігінде жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат, жоғары оқу орнын бітіргені туралы дипломның көшірмесі, жұмысқа қабылдағаны туралы бұйрықтың көшірмесі, жеке еңбек келісімшартының көшірмесі, еңбек кітапшасының көшірмесі, мекен-жайы туралы анықтама – 500 000 теңге мөлшерде біржолғы материалдық көмек ; " ;

11) 1-тармақтың 33) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өтініш негізінде, жеке куәлігінің көшірмесі, жеке куәлігінде жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, емдеуге немесе тексерілуге медициналық мекемесінен жолдаманың көшірмесі – жолақысына 12000 теңге дейінгі мөлшерде біржолғы материалдық көмек .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 10.04.2013 N 81/15 (жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді) .

5. Табысы есепке алынатын біржолғы әлеуметтік көмек ұсынылады:

1-тармақтың 27) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін (бір айдан аса ұзақ мерзімді сырқат және басқа), екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өтініш негізінде, жеке куәлігінің көшірмесі, жеке кәулігінде жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат, емделу қажеттілігі туралы медициналық мекеменің анықтамалары, отбасының барлық мүшелерінің табыстары туралы анықтамалар - жан басына шаққанда кірісі облыс бойынша белгіленген күнкөрістік шаманың көлемінен аспайтын 15 айлық есептік көрсеткіш дейінгі мөлшерде ;

1-тармақтың 31) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп

шотының нөмірі көрсетілген өтініш негізінде, жеке куәлігінің көшірмесі, жеке куәлігінде жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат, отбасы мүшелерінің кірісі туралы анықтама, село, ауылдық және селолық округтері әкімдігі жанындағы учаскелік комиссиямен ұсынылатын, материалдық – тұрмыстық жағдайын тексеру туралы акті – қосалқы шаруашылығын дамытуға 150 000 теңге мөлшерде біржолғы материалдық көмек;

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 10.04.2013 N 81/15 (жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді).

6. Табысы есепке алынбайтын тоқсан сайын әлеуметтік көмек ұсынылады:

1) облыстық орталыққа жетуге және қайту жолақысына:

1-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті мекемемен ұсынылатын тізім негізінде - 3000 теңге мөлшерден аспайтын;

2) тұрғын үй–коммуналдық қызметтерін өтеу үшін:

1-тармақтың 5), 6), 7), 10), 11), 13), 15) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті мекемемен ұсынылатын тізім негізінде - 3,6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде;

1-тармақтың 18), 20), 21) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті органның тізімі негізінде – 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде;

1-тармақтың 17), 19) тармақшаларында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті органның тізімі негізінде – 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 10.04.2013 N 81/15 (жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді).

7. Табысы есепке алынбайтын ай сайын әлеуметтік көмек:

1) 1-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін

жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті мекемемен ұсынылатын тізім негізінде дәрі-дәрмек сатып алуға 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде әлеуметтік көмек, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін төлеуге 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде әлеуметтік көмек;

2) 1-тармақтың 29) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген "Успен туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесі ұсынатын тізімі негізінде - амбулаторлық емделу кезеңінде тамақтануға 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде;

3) 1-тармақтың 29) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген "Успен туберкулезге қарсы ауруханасы" мемлекеттік мекемесі ұсынатын тізімі негізінде - амбулаторлық емделу кезеңінде медициналық мекемесіне жету жолақысына 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде ;

4) 1-тармақтың 34) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін, екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өтініш негізінде, жеке куәлігінің көшірмесі, жеке куәлігінде жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат, оқу кезеңін растайтын құжат, жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама – кәсіптік оқудан өту кезеңінде 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде әлеуметтік көмек.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 10.04.2013 N 81/15 (жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді).

8. Табысы есепке алынатын ай сайынғы көмек:

1-тармақтың 24) тармақшасында көрсетілген санаттар үшін - жан басына шаққанда кірісі облыс бойынша белгіленген күнкөрістік шаманың көлемінен аспайтын (тиісті жылдың 2 тоқсаны бойынша) аз қамтамасыз етілген отбасының балалар санынан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар (мемлекеттік білім грантына ие болу конкурсынан өте алмаған) жоғары оқу орнында оқуы төлемінің нақты мөлшерінде - екінші деңгейдегі банктерде, сонымен қатар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын тиісті лицензиясы, жеке сәйкестендіру нөмірі бар ұйымдарда жеке есеп шотының нөмірі көрсетілген өкілетті мекемемен ұсынылатын тізім негізінде, жеке

куәлігінің көшірмесі, жеке кәулігінде жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда, жеке сәйкестендіру нөмірін растайтын құжат, білім беру қызметтерін көрсетуге әкімінің, жоғары оқу орнының басшысының және студенттің қолдары қ о й ы л ғ а н к е л і с і м ш а р т ;

жоғары оқу орнында оқу кезеңі кезінде, тұруға, тамақтануға және тұрғын жеріне дейінгі жолақысына 15235 теңге мөлшерде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика және бюджет бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.

10. Осы шешім бірінші рет ресми жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

С е с с и я т ө р а ғ а с ы

аудандық мәслихат хатшысы Р. Бечелова